«6D020200 – Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Конуспаев Ермухамбет Болатпекұлының «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы еуразиялық интеграцияның теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеу жұмысы бойынша жалпы мәліметтер. Диссертациялық зерттеу қазіргі әлемдік жүйенің трансформациялық үдерістері контекстінде ең көп талқыланатын және зерттелетін құбылыстардың бірі – аймақтану және аймақшылдық феноменіне арналған. Бүгінгі таңда интеграциялық үдерістер әлемдік дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр. Қалыптасып келе жатқан әлемдік саяси жүйе жағдайында жетекші халықаралық акторлардың өзара іс-қимылының ең тиімді формасы халықаралық интеграция болып табылады.

Зерттеуде Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған сәттен бастап еуразияшылдықты өзінің ішкі және сыртқы саясатының негізгі қағидаттарының бірі ретінде жариялаған рөлі қарастырылған. Қазақстанның ЕАЭО-ға қатысуы зерделеніп, ЕАЭО-ның Қазақстанның сыртқы саясатындағы және интеграциялық бірлестіктермен өзара іс-қимылындағы маңызы айқындалған; сондай-ақ Қазақстан Республикасының еуразиялық интеграцияны дамытудағы орны, рөлі мен қатысу деңгейі талданған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

XXI ғасырдың екінші онжылдығы әлемнің әртүрлі аймақтарында интеграциялық бағыттағы жобалардың жүзеге асырылуындағы жоғары серпінмен ерекшеленеді. Зерттеудің өзектілігі XXI ғасырдың басында халықаралық қатынастар жүйесінің сапалы трансформацияға ұшырауымен айқындалады. Мемлекеттік егемендік қағидаты мен күштер тепе-теңдігі тұжырымдамасына негізделген халықаралық қатынастардың дәстүрлі мемлекеттік - центристік жүйесі орнына өзара іс-қимылдың жаһандық көп деңгейлі жүйесі пайда болып мүлдем басқа жағдайдың қалыптасуы байқалады.

Еуразиялық интеграциялық кеңістікті өзіндік «зерттеу алаңы» ретінде қарастыруға болады, ол интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістердің өзара байланысының айқын мысалы болып табылады. Қазіргі әлемдік жүйенің жаһандық сипаты мен жоғары өзара тәуелділік деңгейі бұл құбылыстың жаңашылдығын айқындайды, соның нәтижесінде орын алып жатқан жүйелік трансформацияларды теориялық тұрғыда пайымдаудың қажеттілігі арта түсуде.

Осы тұрғыдан алғанда, жаһандану контексіндегі қазіргі заманғы аймақшылдықтың өзектілігі «жаңа аймақшылдық» пен трансұлттықтықтың (транснационализмнің) концептуалдық ұстанымдарымен анықталады. Бұл

олардың ғылыми тұрғыдан зерделенуін, сондай-ақ жаңа теориялық-методологиялық тәсілдердің әзірленуін талап етеді.

Еуроодақ, АСЕАН, АТЭС, НАФТА, МЕРКОСУР сияқты ірі интеграциялық бірлестіктердің қатарында ТМД кеңістігінде мемлекеттердің экономикалық, мәдени және саяси интеграциясына бағытталған Еуразиялық одақ жобасы да айтарлықтай ауқымды әрі өршіл бастама болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің нысаны – Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы еуразиялық интеграция.

Диссертациялық зерттеудің пәні – еуразиялық интеграцияның қалыптасуы мен дамуы, ЕАЭО-ның экономикалық өлшемі және ЕАЭО-ның интеграциялық бірлестіктермен өзара іс-қимылы.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – еуразиялық интеграцияның теориялық аспектілерін кешенді түрде зерттеу және олардың Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты контекстіндегі тәжирибелік іске асырылуын талдау, сондай-ақ оның ұлттық қауіпсіздікке, экономикалық дамуға және мемлекеттің халықаралық саясаттағы дипломатиялық ұстанымдарына әсерін бағалау.

Қойылған мақсатқа сәйкес зерттеу барысында мынадай **міндеттер** шешіледі:

- халықаралық қатынастар теориялары мен тұжырымдамаларына сүйене отырып, еуразиялық интеграцияны талдаудың теориялық және әдіснамалық тәсілдерін зерделеу;
- еуразиялық интеграцияның қалыптасуы мен дамуын қарастыру, оның негізгі даму кезеңдерін талдау;
- ЕАЭО-ның экономикалық өлшемін және интеграцияның проблемалық мәселелерін қарастыру;
- ЕАЭО-ның Қазақстанның сыртқы саясатындағы және интеграциялық бірлестіктермен өзара іс-қимылындағы рөлін айқындау;
- Қазақстан Республикасының еуразиялық интеграцияны дамытудағы рөлін, орнын және қатысу деңгейін анықтау.

Диссертацияның теориялық-әдіснамалық негізін қазақстандық және шетелдік ғылыми мектептердің зерттеу теориялары құрайды. Диссертацияда қарастырылған мәселелерді талдау барысында классикалық бағыттар (реализм, неореализм, либерализм, неолиберализм, конструктивизм және т.б.), сондай-ақ интеграция теориялары (экономикалық интеграция теориялары, неоинституционализм теориясы, функционализм, үкіметаралық тәсіл және тәуелді интеграция теориясы), халықаралық ұйымдар теориясы, көпдеңгейлі дипломатия теориясы, күштер тепе-теңдігі теориясы және басқа да ғылыми тұжырымдамалар пайдаланылды.

Экономикалық интеграция теориясы Қазақстанның ЕАЭО-ға қосылуының экономикалық, саяси және әлеуметтік уәждері мен салдарын, сондай-ақ оның сыртқы саясаты мен одақ аясындағы интеграциялық үдерістердің өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді.

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) контексіндегі аймақтық интеграция тұжырымдамасы қатысушы мемлекеттердің экономикалық, саяси және энергетикалық ынтымақтастығына қатысты кең ауқымды мәселелерді, интеграциялық үдерістердің энергетикалық қауіпсіздікке, экономикалық тиімділікке және елдердің геосаяси жағдайына ықпалын зерттеуге жол ашады.

Реализм, либерализм және конструктивизм теориялары мемлекетаралық өзара іс-қимылдың әртүрлі қырларын, соның ішінде энергетикалық саясатты, өңірлік интеграцияны және «жұмсақ күшті» түсіндіреді, бұл Қазақстанның ЕАЭО аясындағы сыртқы саяси стратегиясын талдау үшін маңызды.

Ерекше назар Қазақстанның ЕАЭО шеңберіндегі мүдделерін үйлестіруімен қатар, Қытай, АҚШ және Еуропалық Одақ сияқты сыртқы әріптестермен қатынастарды қалыптастыру тәсілдерін зерделеуге мүмкіндік беретін көпдеңгейлі дипломатия теориясына аударылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін интеграциялық үдерістердің даму ерекшеліктерін, олардың динамикасына ықпал ететін сыртқы факторлар мен жағдайларды кешенді талдауға мүмкіндік беретін жүйелік және салыстырмалы тәсілдер құрайды.

Атап айтқанда, жүйелік тәсілді пайдалану қазіргі кезеңде ЕАЭО-ның қалыптасуы мен жұмыс істеуінің ерекшеліктерін ашуға, оның әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын, мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделерін келісу үдерісін, Қазақстанның ЕАЭО-ға мүше өзге елдермен өзара іс-қимылын талдауға, сондай-ақ интеграциялық үдерістерге байланысты негізгі үрдістер мен мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы тәсіл ЕАЭО-ның ықтимал жаңа мүше-мемлекеттерін қабылдау мүмкіндіктерін олардың сипаттамаларын салыстыру арқылы бағалауға негізделіп, зерттеудің ғылыми сенімділігін қамтамасыз етеді.

Жұмыста тарихи-генетикалық әдіс пен салыстырмалы талдау әдісі қолданылды.

Тарихи-генетикалық әдіс еуразиялық интеграцияның эволюциясын, соның ішінде ЕАЭО-ның қалыптасу және даму кезеңдерін қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл халықаралық интеграция мен жаһандық өзгерістер жағдайында Қазақстанның сыртқы саясатына ықпал еткен негізгі факторларды айқындауға көмектеседі.

Салыстырмалы талдау әдісі Қазақстанның ЕАЭО шеңберіндегі сыртқы саясатын өзге интеграциялық тәжірибелермен салыстыру үшін пайдаланылды.

Зерттеуде талдау, модельдеу, болжау және нақты кейстерді қарастыру әдістері қолданылды.

Модельдеуді пайдалану интеграциялық құрылымның жалпы бейнесін қалыптастыруға және оның негізгі параметрлерін айқындауға мүмкіндік береді.

Болжау ЕАЭО-ның интеграциялық ынтымақтастықтың жекелеген салаларындағы орта және ұзақ мерзімді даму сценарийлерін жасау құралы

ретінде қызмет етеді. Кейс-әдіс мүше мемлекеттер арасындағы екіжақты келіспеушіліктердің нақты жағдайларын және интеграциялық үдерістердің динамикасына ықпал ететін саяси оқиғаларды талдауды қамтиды.

Қосымша түрде талдау, синтез, аналогия және сценарийлік модельдеу әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында ғылыми танымның мынадай қағидаттары негізге алынды: объективтілік, тарихилық, мәселені жан-жақты талдау.

Объективтілік тарихи дамуды қарастырылып отырған кезеңнің объективті заңдылықтарын ескере отырып түсіндіруге, нақты фактілерге сүйенуге, әрбір құбылыс пен оқиғаны олардың көпқырлылығы мен қарама-қайшылығында бағалауға мүмкіндік береді.

Тарихилық қағидаты құбылыстың қайда, қашан және қандай себептермен (саяси, идеологиялық, экономикалық, әлеуметтік) пайда болғанын ескеруге жол ашады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары:

Еуразияшылдық идеясының қайта жандануы КСРО ыдырағаннан кейін посткеңестік кеңістікте бірігу үдерістерінің қажеттілігімен байланысты объективті факторлардан туындаған;

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық одақ тұжырымдамасы еуразияшылдардың классикалық теориясының тікелей жалғасы емес, өйткені 1990-жылдары ол қолданбалы сипатқа ие болып, Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру түрінде жүзеге асырылды;

2. Қазіргі әлемдік саяси және экономикалық дамудың жағдайында Еуразиялық экономикалық одақ бәсекеге қабілетті интеграциялық бірлестік ретінде көрінеді;

3. ЕАЭО аясындағы интеграциялық өзара іс-қимылды институционализациялау үдерісі ынтымақтастықтың бірқатар бағыттары бойынша қажетті әрі мүмкін болып табылады;

4. ЕАЭО-ның тиімді қызметі үшін қолданыстағы басқару институттарының өкілеттіктерін кеңейтуге де, жаңа интеграциялық құрылымдарды қалыптастыруға да объективті қажеттілік бар. Бұл қосымша өзара іс-қимыл салаларын интеграциялық арнаға көшіруді қамтитын кешенді институционализациялау үдерісін жүргізуді көздейді;

5. ЕАЭО интеграцияны салалық және географиялық тұрғыдан кеңейту әлеуетіне ие. Салалық даму ең жоғары интеграциялық әлеуетке ие қызмет салаларын айқындауды көздесе, географиялық даму жаңа мемлекеттердің қосылу мүмкіндігін білдіреді. Мұндай кеңею интеграциялық органдар тарапынан да, Одаққа кіруге үміткер мемлекеттер тарапынан да кешенді зерттеулермен сүйемелденуі тиіс.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы еуразияшылдықтың тарихи-мәдени, саяси немесе әлеуметтік сипаттағы жаңа идеялардың бірі ретінде ғана емес, түбегейлі жаңа үлгідегі тұжырымдама және модель ретінде қарастырылуында. Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ құру бастамасы

халықаралық қатынастар призмасы арқылы зерделенеді. Бұл тұжырымдама дәстүрлі еуразияшылдықтың жалғасы ғана емес, мемлекеттердің еуразиялық кеңістікте бірігу қажеттілігімен негізделген сапалық тұрғыдан жаңа интеграциялық жоба болып табылады. Оның бірегейлігі ортақ тарихи мұраға және өңір елдері мен халықтарының саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы тұрақты ынтымақтастығына сүйенуінде.

Зерттеудің теориялық маңызы халықаралық интеграцияға арналған келешектегі ғылыми әзірлемелерде ұсынылған аналитикалық материалдарды пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Сонымен қатар, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қызмет етуінің теориялық және практикалық қырлары оқу курстарын және тиісті пәндер бойынша әдістемелік материалдарды әзірлеудің негізі бола алады.

Зерттеудің тәжирибелік маңызы алынған теориялық және практикалық нәтижелерді мемлекеттік билік органдарының, соның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ҚР Сыртқы істер министрлігінің, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің тиісті құрылымдарының кешенді сыртқы саяси шешімдерді қалыптастыру барысында қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Жұмыста тұжырымдалған қорытындылар мен айқындалған заңдылықтар сыртқы саяси қызметті болжау мен орта мерзімді жоспарлаудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ ЕАЭО шеңберіндегі интеграциялық жобаларды іске асыруға ықпал ете алады.

Зерттеудің апробациясы. Диссертация әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасында орындалды.

Докторанттың жарияланымдары: зерттеу нәтижелері факультеттік және университеттік деңгейде өткізілген ғылыми конференцияларда ұсынылды. Сонымен қатар, жұмыс еуразиялық интеграция мәселелеріне арналған «дөңгелек үстел» отырыстарында талқыланды.

Автордың 12 ғылыми мақаласы жарық көрді: оның ішінде 6 мақала ҚКСОН ұсынған журналдарда, 3 мақала халықаралық конференция материалдарында, 1 мақала ағылшын тіліндегі журналда, 1 мақала дөңгелек үстел материалдарында және 1 мақала Scopus базасында жарияланған.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы қойылған мақсат пен міндеттердің логикасына сәйкес кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады.